

Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 шілдедегі N 1021 Қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2025 № 1192 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпандағы N 327 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 ақпандағы кеңейтілген мәжілісінде айтылған тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2025 № 1192 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 6 шілдедегі
N 1021 қаулысымен бекітілген

Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесі

Ескерту. Тізбенің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2025 № 1192 қаулысымен.

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.10.11 N 1313, 2003.09.26 N 979, 2004.08.03 N 829, 2007.05.22 N 409, 2008.05.26 N 502, 2008.09.11 N 847, 2009.09.14. N 1369, 2009.10.12 N 1560, 2010.09.17 N 957, 2011.06.28 № 722, 29.05.2013 N 529; 03.05.2019 № 241; 11.10.2019 № 752; 09.04.2021 № 227 (қолданысқа енгізілу тәртібін 8-т. қараңыз); 18.02.2022 № 67 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 03.11.2022 № 868 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 17.08.2023 № 702; 06.10.2023 № 881; 20.02.2024 № 105; 16.07.2024 № 567; 26.05.2025 № 368; 28.10.2025 № 897; 31.12.2025 № 1192 қаулыларымен.

	Атауы	Мекен-жайы
	"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу	

1	университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Алматы қаласы
2	<i>алынып тасталды</i>	Алматы қаласы
3	"Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Алматы қаласы
4	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы
5	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі	Алматы қаласы
6	"Қазақ ұлттық аграрлық университеті" республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Алматы қаласы
7	"Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Өскемен қаласы
8	<i>алынып тасталды - РҚ Үкіметінің 29.05.2013 N 529 қаулысымен.</i>	
9	<i>алынып тасталды</i>	
10	"Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Талдықорған қаласы
11	"Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Атырау қаласы
12	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 11.10.2019 № 752 қаулысымен.	
13	"Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Қарағанды қаласы
14	<i>алынып тасталды</i>	
15	"Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Қызылорда қаласы
16	<i>алынып тасталды</i>	

17	"Торайғыров университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Павлодар қаласы
18	"Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Петропавл қаласы
19	<i>алынып тасталды - РҚ Үкіметінің 29.05.2013 N 529 қаулысымен.</i>	
20	<i>алынып тасталды</i>	
21	"Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Орал қаласы
22	"М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Шымкент қаласы
22-1.	"Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Шымкент қаласы
23	<i>Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 11.10.2019 № 752 қаулысымен.</i>	
24	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Астана қаласы
25	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі	Астана қаласы
26	"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Алматы қаласы
27	"Ақмола мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Астана қаласы
28	"Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ақтөбе қаласы
29	<i>алынып тасталды</i>	
30	"Семей медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Семей қаласы

31	алынып тасталды	
32	"С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Алматы қаласы
32-1.	"Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Ақтау қаласы
32-2.	"Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Алматы қаласы
33	алынып тасталды	
34	"Қарағанды индустриялық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Теміртау қаласы
35	"Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Ақтөбе қаласы
36	"Шәкәрім университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Семей қаласы
37	"Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Арқалық қаласы
38	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.07.2024 № 567 қаулысымен.	
39	"Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Павлодар қаласы
40	"Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Қостанай қаласы
41	"Рудный индустриялық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Рудный қаласы
42	"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Көкшетау қаласы
43	"Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Өскемен қаласы

44	"Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Қарағанды қаласы
45	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық хореография академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Астана қаласы
46	"Ұлытау техникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Жезқазған қаласы
47	"М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Тараз қаласы
48	"Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Тараз қаласы